



Автор: Шниязова Гулдариға Муратбековна
Пән: Дүниетану. Тарих компоненті
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Мен және қоғам
Тақырып: Көшбасшы қандай болуы керек?

Оқу мақсаты	4.1.2.2 – көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтау
Күтілетін нәтижелер	Барлық оқушылар: – кімді көшбасшы деп атайтынын біледі. Көптеген оқушылар: – көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтайды; – неліктен барлығы көшбасшы бола алмайтынын түсіндіреді. Кейбір оқушылар: – көшбасшының міндеттерін атайды; – өзінің бойындағы көшбасшыға тән қасиеттерді дамыта түсуге тырысады
Тілдік мақсат	Көшбасшы сөзінің анықтамасына мән беру. Түсіндірме сөздік. Негізгі терминдер мен сөз тіркестері: Көшбасшы, ұйымдастырушылық, бастама, тәртіп, жауапкершілік, өз ырқына бағындыра білу Диалогке/жазылымға қажетті тіркестер: Тұлғалық қасиеттер, көшбасшының қасиеттері, ұжым үшін жауапкершілік Талқыланатын сұрақтар: – Көшбасшы дегеніміз кім? – Әркім көшбасшы бола ала ма? – Барлық жерде, мысалы, мектепте, аулада көшбасшы болуға бола ма? – Көшбасшының бойында қандай қасиеттер болу керек? Неліктен? – Өзіңнің бойыңда көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға бола ма? – Барлығы көшбасшы болу керек пе? Неліктен? – Топтың, сыныптың жұмысы үшін көшбасшы жауапты болады деп айтуға бола ма? – Мектеп кеңесін, өзін өзі басқару ұйымын жүргізу үшін оқушының бойында қандай тұлғалық қасиеттер болу керек? Жазылым. Оқушы дәптерінде сұрақтарға жауап беру, сабақтың тақырыбы бойынша парасат картасын құру, дәйексөз кітабымен жұмыс.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру Сәлемдесу! Мұғалім: Қоңырау соғылды. Сабақ басталды. Білімге құмар балалар Сыныпқа жиналды. Сабақтың қызық өтуіне Атсалысамыз бәріміз Ерінбей, зерікпей Тапсырманы орындаймыз.	
Мақсатты тұжырымдау	Мұғалім ребусты шешуді ұсынады. Шешуі: көшбасшы. ' (Ұ) Балалар ребусты шешеді, сабақтың тақырыбына қатысты өздерінің болжамдарын айтады. Мұғалім: Көшбасшы сөзін естігенде қандай ассоциациялар пайда болады? (Ұ) Оқушылар ассоциацияларды атайды, мұғалім оларды қағазға жазады. Мұғалім: Сабақтың тақырыбын оқимыз. (Ұ) Оқушылар сабақтың мақсаттарын анықтайды. Мұғалім оқушыларға бағалау өлшемдерін құрастыруды ұсынады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	1. Үй тапсырманы тексеру. 2. (Ө) Ассоциациялық қатармен жұмысты жалғастыру. Жұмыс дәптеріндегі А.1. тапсырманы орындау. (Ж) Жауаптарды жұппен отырып салыстыру. (Ұ) Жауаптарды сыныппен отырып талқылау. Сұрақтардың жауаптары неліктен ұқсас/әртүрлі? 3. (Ұ) Сыни ойлау. Мұғалім «Қасиеттер» дидактикалық ойынын ұйымдастырады. Бір оқушы көшбасшыға тән қасиетті атайды, ал екінші оқушы осы қасиеттің көшбасшы үшін және оның ұжымы үшін қаншалықты маңызды екенін дәлелдейді 4. (Ө) Оқулықтағы ақпаратпен жұмысты ұйымдастыру. (Ұ) Оқыған мәтінді мына сұрақтар бойынша талқылау: – Ақмаралды көшбасшы деп атауға бола ма, қалай ойлайсың? Неліктен? – Ақмарал неліктен өзін әр топта әртүрлі ұстайды? – Ақмарал ойынды және көрермендердің алдына шығар алдындағы дайындықты ұйымдастырған кезде оның бойынан қандай қасиеттер көрінді? – Көшбасшы қандай қасиеттерге ие болуы тиіс, қалай ойлайсың? Неліктен? Тәжірибеңе сүйеніп, мысалдар келтір. 5. (Ж) Мұғалім оқушыларға жұппен отырып «Көшбасшының қасиеттері» парасат картасын құрастыруды ұсынады. (Т) Топта орындалған жұмысты талқылауды ұйымдастыру. 6. Сергіту сәті. Тапсырмалар орындадық, Көп оқыдық, көп жаздық. Шаршай бастады денеміз. Орнымыздан тұрамыз. Денемізбен созыламыз. Оңға, солға бұрыламыз. Орнымызда тұрып жүгіреміз. Бір отырып, бір тұрып, Сабақты біз жалғастырамыз. 7. (Ө) Дәптердегі В2, С1, 2, 3-тапсырмаларды орындау. Оқушылар дәйексөздермен жұмыс істейді. (Т, Ұ) Топтық жұмысты көрсету. Сыныппен талқылау. (Ө) Оқулықтағы мәтіннің екінші бөлігін оқу. (Т) Оқулықтағы сұрақтарды талқылау. (Ұ) Мұғалім сынып болып мына сұрақтарға жауап беруді ұсынады: – Барлық оқушы көшбасшы бола ала ма? – Кім көшбасшы болады? – Көшбасшы болу үшін мейірімді, әділ, тез тіл табысатын, өзгелерді өз ырқына бағындыра білетін адам болудың қаншалықты маңызы бар? Жауаптарыңды мысалдармен нақтылаңдар. – Тез тіл табыса білу дегеніміз не? Өз ырқына бағындыра білу дегеніміз не? – Өзіңнің бойыңнан көшбасшыға тән қасиеттерді қалыптастыруға бола ма? – Барлық оқушы көшбасшы болу керек пе? Неліктен? – Топтың, сыныптың жұмысы үшін көшбасшы жауапты болады деп айтуға бола ма? – Мектеп кеңесін, өзін өзі басқару ұйымын жүргізу үшін оқушының бойында қандай тұлғалық қасиеттер болу керек? Үй тапсырмасы. «Сынып, мектеп көшбасшысының төлқұжатын» ауызша құрастыру және негіздеу.	
Сабақтың соңы	(Ұ) Рефлексия. Мына сұрақтарға жауап беру арқылы сабақта атқарған жұмыстарыңды қорытындыла: Алған біліміңді қайда қолданасың? Сабақтың қай кезеңінде орындаған тапсырмаңды ерекше сәтті шықты деп ойлайсың? Сабақта қандай әдіс-тәсілдерді пайдаландың (кесте құрастырдым, сызбаны салдым, тезистер құрастырдым және т.б.)? Өзіңді не үшін мақтар едің?	